 - Пошкоджень виробу під час транспортування, некоректного його використання, а також у зв'язку з не передбаченими конструкцією виробу модифікаціями чи самостійним ремонтом.

- Пошкодження ручки зубної щітки, що виникло внаслідок заміни насадки насадками інших виробників.
4. Виробник не несе гарантійні зобов'язання, якщо на виробі відсутня паспортна ідентифікаційна табличка, або дані в ній витерті або виправлені.
 5. Ця гарантія діє лише для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, та не розповсюджується на вироби, котрі використовуються з комерційною, промисловою та професійною метою.

Увага! Виробник не несе відповідальності за можливу шкоду, прямо чи опосередковано завдану виробом POLARIS людям, домашнім тваринам, навколишньому середовищу, або збитки майну у випадку, якщо це сталося у результаті недотримання правил або умов експлуатації та встановлення виробу, навмисних та необережних дій споживача та третіх осіб.

З усіх питань, пов'язаних з технічним обслуговуванням, перевіркою якості, гарантійним та постгарантійним ремонтом виробів POLARIS звертайтеся до найближчого Авторизованого сервісного центру POLARIS або до продавця – уповноваженого дилера POLARIS.

Гарантійний ремонт виробів POLARIS здійснюють лише Авторизовані сервісні центри POLARIS.

*Адреси Авторизованих центрів на сайті Компанії: www.polaris.ru

Для підтвердження дати придбання виробу при гарантійному ремонті або пред'явлення інших передбачених законом вимог просимо Вас зберігати документи про покупку.

Такими документами можуть бути заповнений гарантійний талон POLARIS, касовий чек або квитанція продавця, інші документи, що підтверджують дату та місце покупки.

У разі ненадання документу, що підтверджує дату придбання виробу, строк гарантії вираховується з дати виготовлення виробу.

Дата виготовлення вказана на паспортній ідентифікаційній табличці, що знаходиться на задній стінці виробу.

Электрлік тіс қылшағы
Үлгісі PETB 0503 BL/TC
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар мен кеңестер берілген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

Мазмұны

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ.....	27
2. ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР.....	27
3. БҰЛ ЭЛЕКТР ҚҰРЫЛҒЫМЕН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР.....	29
4. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУ АЯСЫ.....	30
5. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ.....	30
6. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ.....	30
7. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСПАС БҰРЫН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ.....	32
8. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ.....	34
9. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАЗARTY ЖӘНЕ ОҒАН КҮТІМ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	35
10. ҚҰРЫЛҒЫНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	36
11. ЕГЕР СІЗДЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ҚЫЙЫНДЫҚ ТУЫНДАСА.....	37
12. ЭЛЕКТРЛІК ТІС ҚЫЛШАҒЫН ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР.....	38
13. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ.....	39
14. СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ.....	39
15. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР.....	40

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық, үлгісі PETB 0503 BL/TC, POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын, тіс тазалауға арналған электрлік тіс қылшағы (бұдан әрі мәтін бойынша – электрлік тіс қылшағы, тіс тазалауға арналған құралы/құрылғы), жөніндегі техникалық деректері мен сипаттамаларымен, оның құрылғысымен, сонымен қатар құрылғыны сақтау және пайдалану бойынша ережелермен танысуға арналған.

2. ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Бұл электрлік тіс тазалауға арналған құралы электр энергетикасы саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланылуы тиіс, яғни құрылғының пайдалануы «Тұтынушылардың электрлі қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары» бойынша тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайтын ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұл электрлік тіс тазалауға арналған құралы тек қана үй тұрмыс жағдайында, тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс.
- Бұл тіс тазалауға арналған құралын пайдаланбас бұрын, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде, толықтай мұқият оқып шығыңыз.
- Әр жолы тіс қылшағыңызды іске қоспас бұрын, тіс қылшағыңызды және оның зарядтау құрылғысын-адаптерін мұқият түрде қарап шығыңыз, олардың зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Бұл тіс қылшағыңызда және оның зарядтау құрылғысында (адаптерде) қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, тіс қылшағыңызды зарядтау құрылғысына орнатпаңыз және оның адаптерін электр желіге жалғастырмаңыз.
- Тіс қылшағыңыз және оның зарядтау құрылғысы (адаптері) ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп сақталуы керек.
- Іске қосылып тұрған тіс қылшағыңызды және оның зарядтау құрылғысын - адаптерін электр желіге қосулы күйінде қадағалаусыз қалдырмаңыз! Бөлмеден шығар алдында, электрлік тіс қылшағыңызды зарядтау базасынан алыңыз және оның зарядтау құрылғысын электр желісінен ажыратыңыз. Сіз бөлмеден аз ғана уақытқа шығатын болсаңыз да, бұл ережені жоққа шығаруға болмайды, қашанда бөлмеден шығар алдында, бұл тіс қылшағыңыздың адаптерін электр ток көзінен ажыратыңыз.
- Аталған құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, кембағал, сезім мүкестігі бар немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану үшін білімі мен тәжірибесі жоқ не оны қолдана білмейтін адамдар немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- Электрлік тіс қылшағыңызды, оның зарядтау базасын, адаптерін және зарядтау жабдығын - жол қаптамасын судан алшақ ұстаңыз, оларды вананның, қол мен бет жуатын шұңғылшаның, т.с.с. үстіне не жанына орналастырып қоюға, не болмаса сақтауға болмайды. Тіс қылшағыңыздың зарядтау базасын және оның зарядтау жабдығын - жол қаптамасын суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды.
- Электрлік тіс қылшағыңызды және оның бөлшектерін тазалап болған соң (оны зарядтау базасына орнатпас бұрын), оның зарядтау базасы және аккумуляторлық қорапшасы толығымен құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
- Электрлік тіс қылшағыңыздың зарядтау құрылғысын тек ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Оның зарядтау құрылғысын электр желіге қоспас бұрын, бұл құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері

Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

- **Кез келген ақау бола тұра құралды іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Электрлік тіс қылшағыңызды сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Тіс қылшағыңызды пайдаланып болған соң немесе оны тазартпаса бұрын, сондай-ақ тіс қылшағыңыз істен шыққан жағдайда, оны әрдайым сөндіріп, оның адаптерін электр желісінен ажыратыңыз.
- Электрлік тіс қылшағыңыздың адаптерін оның электр қоректендіргіш баусымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, тіс қылшағыңыздың адаптерін оның электр қоректендіргіш баусымнан ұстап тартқылап, электрлік қоректену желісінен ажыратуға тыйым салынады. Бұл тіс қылшағыңыздың адаптерін электр желісінен ажыратқан кезде тек оның корпусынан ұстаңыз.
- Электрлік тіс қылшағыңызды қуаттандыру үшін тек оның жиынтығына кіретін зарядтау құрылғысын (адаптерін) пайдаланыңыз, Тіс қылшағыңыздың адаптерін өзге мақсатта қолданбаңыз. Тіс қылшағыңыздың батареясын қуаттандыру үшін, алдымен адаптердің істікшесін тіс қылшағыңызда орналасқан сәйкесінше іstekшелі ағытпасына (зарядтау ұяшығына) орнатыңыз, содан кейін – адаптердің ашасын электр желісіне жалғастырыңыз.
- Адаптерді немесе оның электр желілік баусымын тек осы ұқсас үлгідегі түпнұсқалық адаптермен немесе электр қоректендіргіш баусыммен ауыстыруға болады, бұл мәселе жөнінде кеңес алу үшін білікті мамандарға - қызмет көрсету орталығының қызметкерлеріне хабарласыңыз. Адаптердің электр қоректендіргіш баусымын тек қана техникалық біліктілігі бар мамандар – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Жөндеу жұмыстары техникалық біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі маман тарапынан, сондай-ақ, жоғарыда аталған техникалық білікті мамандарының санатына жатпайтын тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Әр жолы электрлік тіс қылшағыңыздың адаптерін әр пайдаланғаннан кейін, ешқашан оның электр қоректендіргіш баусымын адаптерге айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл баусымның үзілуіне әкелуі мүмкін. Қашанда адаптердің электр қоректендіргіш баусымын дұрыс сақтау үшін, оны жақсылап тарқатыңыз.
- Электрлік тіс қылшағыңызды жөндеу үшін тек оның түпнұсқалы қосалқы бөлшектерін ғана пайдалануға болады.
- Электрлік тіс қылшағыңыз еденге не жерге құлаған жағдайда, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, оны қолданбаңыз. Электрлік тіс қылшағыңызды екінші мәрте пайдаланудың алдында, оның күйін білікті маман тексеріп шығуы керек.
- Электрлік тіс қылшағыңызды ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, әрқашан оның адаптерін электр желісінен ажыратыңыз.
- Адаптердің электр қоректендіргіш баусымның ыстық немесе өткір беттерге тиюіне/жанасуына жол бермеңіз. Адаптердің электр қоректендіргіш баусымның оқшаулағыш жабыны механикалық зақымдалуынан қорғалуы керек.
- Электрлік тіс қылшағыңыздың жеткізілім жиынтықтығына кіретін қондырмаларын ғана қолданыңыз.
- Электрлік тіс қылшағыңыздың жеткізілім жиынтықтығына кірмейтін қосымша аксессуарларын, яғни бөлшектері мен керек-жарақтарын пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.



RoHS



Назар аударыңыз! Қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін құралды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жарату үшін арнайы орынға өткізіңіз. Бұл әрекетіңізбен Сіз қоршаған ортаны қорғауға септігіңізді тигізесіз.

Назар аударыңыздар!

Кез келген ақау орын алған жағдайда уәкілетті сервис орталығына хабарласыңыз

3. БҮЛ ЭЛЕКТР ҚҰРЫЛҒЫМЕН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ НҮСҚАУЛАР

- Бұл электрлік тіс қылшағыңыз медициналық немесе тіс емдеу құралы болып табылмайды. Бұл өнімнің қолданылуы – тұрмыстық, бұл адамның жеке күнделікті тұрмыста ауыз қуысының гигиенасы мен тістерінің күтіміне пайдалануға арналған құрылғы. Бұл құрылғыны қолдану кезіндегі барлық көрсеткіштері туралы, оны қолдануға қарсы көрсеткіштері жөнінде және оны пайдаланған кейін болуы мүмкін асқынулар туралы білгіңіз келсе, электрлік тіс қылшағыңызды қолданар алдында стоматологиялық емхананың медициналық қызметкерлерімен және өзіңіздің тіс дәрігеріңізбен кеңесіңіз.
- Бұл электрлік тіс қылшағыңыз электромагниттік жабдық пен құрылғыларға арналған қауіпсіздік стандарттарына және талаптарына сәйкес келеді. Егер сізде жүрекширатқыш (кардиостимулятор) немесе басқа импланттық құрылғылар болса, немесе сізде бұл құрылғылар туралы сұрақтарыңыз болса, электрлік тіс қылшағыңызды пайдаланар алдында, өзіңіздің тіс дәрігеріңізге, имплантолог-дәрігеріңізге немесе имплантант құрылғысын жасап шығаратын өндірушіге хабарласыңыз.
- Бұл электрлік тіс қылшағыңыз тек тістеріңізді, қызыл иектеріңізді және тіліңізді тазалауға арналған. Бұл тіс пен ауыз қуысының күтімі үшін пайданылатын құрылғыны қандай да бір басқа мақсатта қолдануға болмайды. Егер сіз электрлік тіс қылшағыңызды қолданған кезде, оны қолдану салдарынан жайсыздық байқасаңыз немесе сіздің ауыз қуысыңызда немесе тіс аймағында жайсыз ауыру сезімі пайда болса, яғни сіз ауырынууды сезінсеңіз, бұл электрлік тіс қылшағыңызды пайдалануды тоқтатып, өзіңіздің тіс дәрігеріңізге хабарласыңыз.
- Егер сізде денсаулыққа қатысты қандай да бір медициналық мәселелер болса, бұл электрлік тіс қылшағыңызды пайдаланар алдында стоматологиялық емхананың медициналық қызметкерлерімен немесе өзіңіздің тіс дәрігеріңізбен кеңесіңіз.
- Егер электрлік тіс қылшағыңыздың қондырмасы (тазалауыш бастиегі) деформацияланған болса, тіс қылшағыңызды пайдалануды тоқтатуыңызды сұраймыз.
- Электрлік тіс қылшағыңыздың қондырмасын (тазалауыш бастиегін) үш ай сайын ауыстыруға кеңес беріледі.
- Электрлік тіс қылшағыңыздың қондырмасын (тазалауыш бастиегін) ыдыс жуатын машинада жуып тазалауға болмайды.
- Тек осы үлгіге жарайтын түпнұсқалық тіс қылшағыңыздың қондырмаларын пайдаланыңыз, (түпнұсқалы емес қондырмаларын/тазалауыш бастиектерін қолданбаңыз).
- Егер сіз қолданып жүрген тіс пастаңызда пероксид, натрий бикарбонат немесе басқа бикарбонат (тістерді ағартатын тіс пасталарында көбіне кездеседі) бар болса, электрлік тіс қылшағыңыздың тазалауыш бастиегін әрбір пайдаланғаннан кейін сабындап, сумен мұқият тазалап жуып шығыңыз.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған тіс қылшағын қолыңыздан түсіріп алмаңыз, оны қолыңызда мықтап ұстап тұрыңыз, сондай-ақ оны ванна бөлмедегі

жиһаздың бетіне де қоймаңыз, себебі жұмыс істеп тұрған тіс қылшағы еденге құлап, зақымдалуы мүмкін.



Электрлік тіс қылшағыңыздың батареясын қуаттандыру барысында қауіп-қатердің алдын алу үшін және бұл электрлік тіс қылшағыңыздың зақымдалуын немесе істен шығуын болдырмау үшін, оның зарядтау базасына қандай да бір металл заттарды орнатпаңыз және оның зарядтау жабдығына - жол қаптамасына салмаңыз, себебі бұл зарядтау үрдісіне әсер етуі және зарядтау қондырғысының шамадан тыс қызып кетуінің себепкері болуы мүмкін.


4. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУ АЯСЫ

- Электрлік тіс қылшағыңыз осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ережелеріне және талаптарына сәйкес тек тұрмыстық мақсатта, үй тұрмыс жағдайында ғана пайдаланылуы тиіс. Бұл электрлік тіс қылшағыңызды өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады.
- Өндіруші осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

5. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

- | | |
|---|---------|
| 1. Электрлік тіс қылшағы | 1 дана. |
| 2. Электрлік тіс қылшағының қондырмаларын сақтауға арналған қорабы (оның ішінде тіс қылшағының үш қондырмасы мен үш қалпақшасы бар) | 3 дана. |
| 3. Кіріктірілген индукциялық (сымсыз) зарядтау құрылғысымен жабдықталған қондырғысы | 1 дана. |
| 4. Электрлік тіс қылшағын сақтауға және сапарға немесе саяхатқа шыққанда бірге алып жүру үшін арналған зарядтау жабдығы-жол қаптамасы | 1 дана. |
| 5. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық | 1 дана. |
| 6. Кепілдік талоны | 1 дана. |

6. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ



1. Электрлік тіс қылшағының қондырмасы (тазалауыш бастиегі)
2. Құрылғының (тіс қылшағының) корпусы
3. Электрлік тіс қылшағының жұмыс режимдерін ауыстырып қосатын ажыратып-қосқышы және іске қосу/сөндіру батырмасы
4. Басқару панелі индикаторларымен бірге
5. Батареяны қуаттандыру керектігін білдіретін көрсеткіш-индикаторы
6. Кіріктірілген индуктивті (түйіспесіз) зарядтау құрылғысымен жабдықталған қондырғысы и индукциялық зарядтау құрылғысының ағытпа ашасы
7. Электрлік тіс қылшағына орнатылатын ауыстырмалы қондырмалары (3 дана.)
8. Аспаптың корпусына қорғаныш қалпақша
9. Жол қорабы

Электрлік тіс қылшағының жұмыс режимдері:

Электрлік тіс қылшағының жұмыс режимдерін іске қосу/сөндіру батырмасын қайта-қайта біртіндеп басу арқылы ауыстыруға болады. Әрбір таңдалған режимі белгілі бір уақыттан кейін автоматты түрде сөнеді.

Қажет болған жағдайда, тіс қылшағының кез келген жұмыс режимін іске қосу/сөндіру батырмасын қайтадан мәжбүрлі түрде басу арқылы сөндіруге болады.

1. Clean (тазарту) қалыпты жұмыс режимі – «Тіс өңезін тиімді кетіру» үшін пайдалынады. Clean режимінде тіс қылшағыңыз бірден оның бастиегінде дірілінің жиілігін минутына 41 000 қозғалыстың ең көп кезеңділік жиілігіне дейін бірқалыпты арттырады; Бұл режимін 2 минут қолданыңыз.

2. White (ағарту) жұмыс режимі – «Тістерді ағарту» үшін пайдалынады.

White режимінде тіс қылшағыңыз бірден оның бастиегінде дірілінің жиілігін минутына 48 000 қозғалыстың ең көп кезеңділік жиілігіне дейін бірқалыпты арттырады; Бұл режимін 2 минут қолданыңыз.

3. Sensitive (сезімтал тістер мен қызыл иектерге қорғаныш пен гигиеналық күтім көрсету) жұмыс режимі – «Сезімсіздігі жоғары тістер мен қызыл иектерді тазартқанда жарақаттану ықтималдылықтарын азайтуға мүмкіндік беретін Sensitive режимі». Sensitive режимінде тіс қылшағыңыз бірден оның бастиегінде дірілінің жиілігін минутына 33 000 қозғалыстың ең көп кезеңділік жиілігіне дейін бірқалыпты арттырады; Бұл режимін 2 минут қолданыңыз.

4. Polish (жылтырату) жұмыс режимі – «Алдыңғы тістердің қосымша тегістігі мен ақтығына қол жеткізу және жылтырлық беру үшін тістердің бетін жылтырату» үшін пайдалынады.

Polish режимінде тіс қылшағыңыз бірден оның бастиегінде дірілінің жиілігін минутына 35 000 қозғалыстың ең көп кезеңділік жиілігіне дейін бірқалыпты арттырады; Бұл режимін 3 минут қолданыңыз.

5. Gum Care (жұмсақ тазалау және күтім көрсету) жұмыс режимі – «Қызыл иектерге күтім көрсету» үшін пайдалынады.


Бұл режимінде тіс қылшағыңыз бірден оның бастиегінде дірілінің жиілігін минутына 31 000 қозғалыстың ең көп кезеңділік жиілігіне дейін бірқалыпты арттырады; Бұл режимін 3 минут қолданыңыз.

7. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСПАС БҰРЫН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ

1. Қаптама қорабын ашып, тіс қылшағыңызды абайлап шығарып алыңыз және оның сыртынан барлық орама материалдарын алып тастаңыз.
2. Бұл электрлі құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
3. Электрлік тіс қылшағыңызды құрастыру үшін келісідей орындаңыз. Электрлік тіс қылшағыңыздың сабына (корпусына) оның қондырмасын (тазалауыш бастиегін) орнатып бекітіңіз. Қондырма мен тіс қылшағыңыздың корпусы арасында қалыпты дірілге қажетті белгілі бір саңылау қалуы керек. Электрлік тіс қылшағыңыздың сабына (корпусына) оның қондырмасын (тазалауыш бастиегін) орнатып бекіткен кезде шамадан тыс күш салмаңыз.



Назар аударыңыз! Электрлік тіс қылшағыңыздың сабына (корпусына) оның қондырмасын (тазалауыш бастиегін) тек бір қалыпта орнатуға болады – тіс қылшағыңыздың қондырмасындағы қылшықтар тек қана басқару панелінің жағынан болуы керек.



4. Электрлік тіс қылшағының батареясын келесі тәсілмен қуаттандыру керек.
- Құрылғы зауыттан шыққан кезде электр қуатының қалдық мөлшеріне ие болады. Электрлік тіс қылшағының батареясын алғашқы толық зарядтау алдында оның қалдық электр қуатын пайдаланыңыз (тіс қылшағының корпусында батареяны қуаттандыру керектігін білдіретін жарық индикаторы қызыл түспен жыпылықтағанша батареяның қуаттандыруын толығымен зарядсыздандыру керек). Бұл жарық индикаторының қызыл түспен шапшаң сөніп жануы батареяны қуаттандыру керек екендігін білдіреді. Тіс қылшағының батареясын қайта зарядтаңыз.

Сіздің электрлік тіс қылшағыңыз сізге ұзақ қызмет ету үшін оны дұрыс пайдаланыңыз, ал электрлік тіс қылшағыңызды дұрыс пайдалансаңыз сіз құрылғыдағы литий батареясының қызмет ету мерзімін арттыра алатын боласыз;

Батареяны қуаттандыру барысында, батареяның қуаттандыруын көрсететін жарық индикаторы жыпылықтай бастайды, қуаттандыру процесі аяқталған кезде батареяның қуаттандыру деңгейін көрсететін жарық индикаторы үздіксіз жанып тұрады.

- Электрлік тіс қылшағының батареясын қуаттандыру үшін тіс қылшағының корпусын (сабын) зарядтау базасына орнатып қойыңыз.

Содан кейін зарядтау құрылғысының кабелін (адаптердің істікшесін) зарядтау базасының корпусында орналасқан электр жалғағыш ағытпасына (зарядтау ұяшығына) кіргізіп жалғастырыңыз, содан кейін адаптердің ашасын электр желіге жалғастырып қосыңыз. Қуаттандырудың басталуы сәйкесінші индикаторы арқылы көрсетіледі.

Батареяны қуаттандыру керектігін білдіретін жарық индикаторының қызыл түспен үздіксіз қысқа жыпылықтануы бұл батареяның төмен деңгейде екендігін білдіреді (батареяның қуаты азайып таусыла бастаған кезде, оның толық қуаттандыруы үштен бір бөлігінен аз калғанда, батареяның жарық индикаторы қызыл түспен үздіксіз қысқа жыпылықтай бастайды).


Батареяның қуаты азайып таусыла бастаған кезде, құрылғының LED дисплейіндегі жарық көмескіленіп келеді және тіс қылшағыңыздың бастиегінде қозғалысының қарқындылығы айтарлықтай төмендейді.

Құрылғыдағы батареясы толығымен қуатталған кезде оның жарық индикаторы ақ түспен үздіксіз жанады (құрылғының батареясын толық қуаттандыру уақыты - 12 сағат).

Назар аударыңыз! Электрлік тіс қылшағыңыздың батареясы толығымен қуатсызданған кезде, құрылғыдағы электрқозғалтқышы тоқтап қалады, сол сәтте тіс қылшағыңыз да автоматты түрде тоқтайды. Қуатсызданған тіс қылшағыңызды зарядтау базасына орнатқан соң, құрылғы қосылғанша кем дегенде 30 минутқа дейін уақыт кетуі мүмкін, ал бір сағаттан кейін тіс қылшағыңыз жартылай қуатталған соң, оны пайдалануға болады. Бірақ, біз сізге тіс қылшағыңызды тек оның батареясы толық қуатталған соң ғана қолдануға ұсынамыз, бұл тіс қылшағыңыздың қызмет ету мерзімін арттыруға мүмкіндік береді.



5. Күнделікті тістеріңізді тазалар алдында, сіз алдымен тіс қылшағыңыздың қылшықтарын ағын судың астында жуып-шайып сулап алыңыз, содан кейін оған бірден тіс пастасының қажетті мөлшерін жағыңыз.



6. Бұл тіс қылшағын бес тазалау режимінде пайдалануға болады. Тіс қылшағыңызды алғаш рет қолданған кезде SENSITIV режимін таңдауға ұсынылады.

7. Тістеріңізді тазалау процесін сапалы орындау үшін, тіс қылшағыныңдызды тазалауыш бастиегін ауыз қуысыңызға салғаннан кейін, оның қылшақтарын қызыл иектеріңізге азғантай бұрышпен (шамалы 45° бұрыш астында келетіндей етіп) тістеріңізге қатты баспай, жай ғана тигізіп ысқыласаңыз болғаны. Бүкіл ауыз қуысыңызды толық тазалау үшін ауызыңызды 4 бөлікке бөліңіз, әр тіс бөлігін шамамен 30 секунд бойы тазалау керек. Бірінші бөлігінен (мысалы, жоғарғы тістердің сыртын тазалауды) бастаңыз. Тіс қылшағыңызды тістеріңіздің арасына кіргізіңіз, оның қылшақтары тістеріңіздің арасына толығырақ кіруі үшін, тіс қылшағыңызды әр тіс бетінде баяу және ептеп сәл жоғары және төмен қимылдармен қозғап тістеріңізді тазалаңыз, содан кейін дәл сол қимылдармен тіс қылшағыңызды басқа тіс бөлігіңізге (мысалы, жоғарғы тістердің ішкі жағын тазалау үшін) жылжытыңыз да, тістеріңізді тазалауды жалғастырыңыз, осылайша барлық қалған тістеріңізді тазалап шығыңыз. Тіс қылшағыңыз 2 минуттан кейін (1 немесе 3 минуттан кейін тазалау режиміне байланысты) жұмыс істемей тоқтап қалады.



Ауыз қуысыңызға кешенді түрде күтім жасау үшін тістеріңізді тіс қылшағыңызбен тазалағаннан кейін, паста қалдықтарын, тамақ қалдықтарын және тіс арасындағы ластықты кетіру үшін және ауыздағы бактериялық өнезді азайту үшін ауызыңызды сумен шайып шығыңыз. Тістеріңізді тазалау-шаю процедураның аяқтаған соң, тіс қылшағыңыздағы қондырманың қылшықтарын таза ағын судың астында жуып-шайып тазалаңыз.



8. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ



Сіз соңғы рет қолданған жұмыс режимі тіс қылшағыңыздың жадында сақталады, оны келесі жолы қолданған кезде, тіс қылшағыңыз сол режимінде болады. Басқа жұмыс режимін таңдау үшін – дисплейдегі режимді ауыстырыңыз да, өзіңіз қалаған жұмыс режимін орнатыңыз.



Негізгі (Clean, White, Sensitive) жұмыс режимдерінде тіс қылшағыңыз 2 минуттан кейін автоматты түрде сөніп қалады. Clean, White, Sensitive — күнделікті пайдалануға ұсынылған негізгі режимдер сізге тістеріңізді күніне кемінде 2 минут ішінде тазалап алуға мүмкіндік береді – тіс дәрігерлері тісті күніне екі рет кем дегенде екі минут тазалап тұрған дұрыс деп кеңес береді, сондықтан сіз бұл режимдерін күн сайын қолдана отырып тістеріңізді 2 минут ішінде тазарта аласыз.



Бұл жұмыс режимінде тіс қылшағыңыз 30 секунд сайын қысқа үзілістер жасап, сізге ауыз қуысының бір аймағын тазартуға жеткілікті уақыт жұмсалғаны туралы сигнал береді. Бұл сізге нақты уақыт режимінде тіс

тазартудың сапасы мен ұзақтығын және тіс қылшағыңыздың әрбір қозғалысын және тазалау режимдерін бақылауға мүмкіндік береді.



Тіс қылшағыңыздың қондырмасында қылшықтар шамамен үш айдан кейін түссіздену немесе ағару мүмкін, қылшықтардың түсі өзгере немесе жоғала бастаған кезде, бұл тіс қылшағыңыздың бастиегі тозған және қондырманы ауыстыру қажеттігін білдіреді. Электрлік тіс қылшағыңыздың қондырмасын 3 ай сайын 1 рет ауыстырып тұрған дұрыс.



Тіс қылшағыңыз қуаттандыру уақытын қысқартып, құрылғының пайдалану уақытын 60 күнге дейін арттыруға мүмкіндік беретін литий аккумуляторлық батареямен жабдықталған, оның батареясын толығымен 100% зарядтағаннан кейін (құрылғыны күніне екі рет 2 минуттан пайдалансаңыз) тіс қылшағыңыз ұсынылған пайдалану жылдамдығында 60 күнге дейін қуатталмай жұмыс істей алады.




Бұл тіс қылшағыңыз бір батырманың көмегімен басқарылады. Электрлік тіс қылшағыңыздың жұмыс режимдерін іске қосу/сөндіру батырмасын қайта-қайта біртіндеп басу арқылы ауыстыруға болады.

9. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАЗАРТУ ЖӘНЕ ОҒАН КҮТІМ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР

- Тіс қылшағыңызды әр пайдаланған сайын оның сабын және тіс қылшағыңыздағы қондырманың қылшықтарын жылы ағын судың астында жуып-шайып тазалаңыз. Қажет болса, тіс қылшағыңыздың бетін және оның қондырманың қылшықтарын тазалау үшін сабын мен жұмсақ шүберекті қолданыңыз. Тіс қылшағыңызды және оның бөлшектері мен керек-жарақтарын тазалау үшін абразивті заттары бар жуғыш немесе тазартқыш құрылғыларды және органикалық ерітінділерді, сондай-ақ тіс қылшағыңыздың жабынына зақым келтіруі мүмкін өткір заттарды пайдалануға тыйым салынады. Тіс қылшағыңыздың қондырмасын (тазалаушы бастиегін) әрбір пайдаланғаннан кейін оны тіс қылшағыңыздан ажыратыңыз. Содан кейін, тіс қылшағыңызда қондырманың жалғанатын жерін жылы сумен жуып-шайып, оны паста қалдықтарынан тазартыңыз. Тіс қылшағыңыз әбден құрғақ болғанша күте тұрыңыз. Бұл тіс қылшағыңыздың қызмет ету мерзімін арттыруға мүмкіндік береді.
- Тіс қылшағыңыздың қондырмасын (тазалаушы бастиегін) алмастыруға қажет болса, тек осы үлгіге жарайтын түпнұсқалық тіс қылшағыңыздың қондырмаларын пайдаланыңыз (түпнұсқалы емес қондырмаларын/тазалаушы бастиектерін қолданбаңыз).




Электрлік тіс қылшағыңыздың сабын, оның қондырмасын (тазалаушы бастиегін), зарядтау базасын және зарядтау жабдығын-жол қаптамасын ыдыс-аяқ жуатын машинада тазаламаңыз.



10. ҚҰРЫЛҒЫНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Электр құралдар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды және электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.
- Егер сіз тіс қылшағыңызды ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, оның батареясын шамамен жартылай зарядтаңыз да, электрлік қоректендіру көзінен ажыратыңыз. Содан кейін, тіс қылшағыңызды және оның қондырмасын жуып-шайып тазартып, құрғатыңыз және тікелей күн сәулесі түспейтін жабық және құрғақ жерде сақтаңыз.



Құрылғыны тасымалдау жөніндегі ережелері

Электр құрылғылардың тасымалдануы, жүк тасымалданатын нақты бір көлік түрінде әрекет ететін, жүктерді көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық түріндегі құралдарымен жүзеге асырылады. Құрылғыны тасымалдау барысында түпнұсқалық зауыттық ораманы және қаптама қорабын пайдаланыңыз.

Электр құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бүлінудерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессиялық орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін, яғни жоғарыда аталған әсерлердің тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмау қажет.

ПАЙДАЛАНУҒА ЖАРАМСЫЗ ҚҰРЫЛҒЫНЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Ескертпе: Құрылғының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін бұл электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға өз септігіңізді тигізесіз.

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

11. ЕГЕР СІЗДЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ҚЫЙЫНДЫҚ ТУЫНДАСА

Егер қандай да бір аздаған қиындық туындаса, оның пайда болуының себебі табылған кезде, мәселені әдетте оңай шешуге болады.

АҚАУЛАРҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР	МҮМКІН СЕБЕПТЕРІ	ЫҚТИМАЛ ШЕШІМДЕР
Электрлік тіс қылшағыңызда оның тазалауыш бастиегінде дірілінің жиілігі төмендеп басыла бастады.	Электрлік тіс қылшағыңыздың корпусына оның қондырмасын (тазалауыш бастиегін) тым тығыз жалғастырып орнатыңыз.	Электрлік тіс қылшағыңыздан оның қондырмасын (тазалауыш бастиегін) ажыратып алыңыз да, қайтадан орнатыңыз.
Электрлік тіс қылшағыңыздың батареясын толығымен зарядтап болған соң, батареясының қызмет ету ұзақтығы өте қысқа.	Электрлік тіс қылшағыңыз зарядтау құрылғысында тігінен орнатылып тұрғанына көз жеткізіңіз, әйтпесе оның қуатталуы дұрыс жүзеге асырылмайды, сондықтан тіс қылшағыңыз қуатталмауы мүмкін.	Электрлік тіс қылшағыңызды зарядтау құрылғысында тігінен орнатып қойыңыз. Егер де, бұл туындаған мәселені шеше алмасаңыз, онда батареяның қызмет ету мерзімі аяқталған болуы мүмкін, бұл мәселе бойынша көмек/кеңес алу үшін сервистік қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Электрлік тіс қылшағыңызды ұзақ уақыт бойы пайдаланбай, оны іске қоссаңыз, оның қуат индикаторының шамы бұрынғыдай жанбайды.	Өйткені сіз тіс қылшағыңызды ұзақ уақыт бойы (6 ай немесе одан да көп уақыт) пайдаланбағансыз.	Электрлік тіс қылшағыңызды ұзақ уақыт бойы пайдаланбай, оны іске қоссаңыз, оның батареясы бірден қуатталмайды, ол біраз уақыт тыныштық күйде болады. Электрлік тіс қылшағыңыздың бұрынғы белсенді жұмыс режимін қалпына келтіру үшін, оның батареясын кем дегенде 30 минут бойы қуаттау керек.

<p>Электрлік тіс қылшағыңыз іске қосылмайды.</p>	<p>Сіздің үйіңіздегі электр жүйедегі электр қуаты ауытқып кеткен (яғни электр энергиясын беруін тоқтатқан шығар) тексеріңіз.</p>	<p>Сіздің үйіңіздегі электр жүйедегі электр энергия алғанша күте тұрыңыз, электр қуат берілген соң, тіс қылшағыңызды қуаттап алыңыз да, оны қалыпты жағдайында пайдаланыңыз. Егер тіс қылшағыңызды іске қосқан сәтте ақау қайттадан орындалса, бұл мәселе бойынша көмек/кеңес алу үшін қолдану нұсқауларына қызығушылық таныту қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.</p>
<p>Электрлік тіс қылшағыңыздың зарядтау құрылғысында ақауы бар болса, мысалы, оның электр желілік баусымы пайдалануға жарамай қалған жағдайда.</p>	<p>Бұл бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталды.</p>	<p>Электрлік тіс қылшағыңыз және оның бөлшектері мен керек-жарақтары техникалық регламенттерде белгіленген тәртіппен қосымша өңделуге, кәдеге жаратылуға және (немесе) жойылуға тиіс.</p>

12. ЭЛЕКТРЛІК ТІС ҚЫЛШАҒЫН ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША

1. Ұтістеріңізді күніне екі рет кем дегенде 2 минут – таңертең және ұйықтар алдында тазалау қажет.



2. Тістеріңізді сау қалпында сақтау үшін әрбір тамақтанғаннан кейін 20 минут өткен соң, ауызыңызды сумен шайып, тістеріңізді мұқият тазалаңыз. Бұл тістеріңіздің сырты жылтыр тіс кіреуекесінің беріктігін қорғауға және сақтауға мүмкіндік береді.



3. Ауыз қуысыңыздағы сезгіштігі жоғары тістер мен қызыл иектерді тазартқанда жарақаттану ықтималдылықтарын азайтуға мүмкіндік беретін SENSITIVE режимін пайдаланыңыз.

4. Ауыз қуысыңызға кешенді түрде күтім жасау үшін, тістеріңізді тіс қылшағыңызбен тазалағаннан кейін, сағыз бен тамақ қалдықтарын және тіс арасындағы ластықты кетіру үшін және ауыздағы бактериялық өңезді азайту үшін тіс тазалауға арналған жібін қолданыңыз.

5. Сонымен бірге стоматологқа жүйелі түрде барып тұру қажет, бұл ауыз қуысының ауруларын алдын алу үшін және сіздің тістеріңіздің тазалығы мен саулығын сақтау үшін де қажет, себебі тіс тасына айналған өңезді тек стоматологтың кәсіби тазарту көмегімен ғана жоюға болады.

13. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PETB 0503 BL/TC – POLARIS сауда таңбасымен шығарылған тұрмыстық электрлік тіс қылшағ

Желілік кернеуі: ~ 100– 240В

Жиілігі: ~50/60 Гц

Қуаттылығы: 3.7 В

Номинал қуаты: 3 Вт

Электрлік тіс қылшағының жұмыс режимдерін ауыстырып басқару: сенсорлық

Қуаттандырудың бейнелену режимі: жарықдиодты жарық

Батареяны қуаттандыру ұзақтығы: 6сағ-12сағ дейін

Қоректендіру көзі: литий батареясы 600 mA

Ылғалға төзімділік класы IPX7

Қорғаныс жіктелімі – II

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашлық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

14. СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Бұйым TP TC 004/2011 "Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы", TP TC 020/2011 "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі", TP EAЭС 037/2016 "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы" талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның жарамдылық мерзімі: 3 жыл

Бұйымға кепілдік мерзімі: сатып алған күннен бастап 2 жыл

Өнімді өндіріп шығарылған мерзімі туралы ақпарат құралдың сыртында көрсетілген.

Іске асыру ережелері белгіленбеген.

Өндіруші:

POLARIS CORPORATION LIMITED - ПОЛАРИС КОРПОРЕЙШН ЛИМИТЕД
1801 Блогі, 18/Ф, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг
Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

Қытайда өндіріліп шығарылған

Импорттаушы:

"ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ-сы, Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылым, 4-қабат, 1 ғимарат. 13-бөлме.

Өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі:
"Поларис Инт" ЖШҚ, 105005, Ресей, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі., 7-үй, 5-ші тұрғын үй құрылысы, 26-ші бөлме.

Бірыңғай анықтамалық қызметінің телефон нөмірі: 8-800-700-11-78

15. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Электрлік тіс қылшағы

Үлгісі: РЕТВ 0503 ВЛ/ТС

Бұл кепілдік бұйымды сатып алу фактісін растайтын күннен бастап 24 ай бойына әрекетте болады және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымның кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемесі «POLARIS» сауда таңбасымен шығарылатын және уәкілетті сатушылардан сатып алған барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан) таралады.

2. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды қатаң сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.

3. Бұл кепілдік тауарды тұтынушыға беруден кейін, келесі жәйттердің нәтижесінде туындаған кемшіліктерге таралмайды, егер де:

- Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, бөгде заттардың, сұйықтықтың, өнімдердің және құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді жәндіктердің бұйымның ішіне түсіп кетуі және олардың өмірлік белсенділігінің өнімдері бұйымның ішінде болса, яғни микроорганизмдердің, жәндіктердің тіршілік әрекеті салдарынан нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;

- Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес пайдаланғанда, оны дұрыс пайдаланбағанда, сондай-ақ, бұйымды осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықта берілген техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;

- Пайдаланатын судың құрамында минералдық заттардың үлесі жоғары мөлшерде болған әсерінен минералдық түзілімдер мен әк шөгінділерінің, су тастары мен қас, түзілген тұнбаның әкті түзілімнің салдарынан туындаған бүлінулер мен құрылғының сыртқы не ішкі қандай да бір өзгерістер байқалған жағдайда;

- Бұйымды қолдануға арналмаған мақсаттарда пайдаланған жағдайда;

- Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының металл бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлерінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металлдың бетінде

тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;

- Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
- Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
- Тасымалдау кезінде бұйымға қандай да зақым келтірілген болса, оны дұрыс емес пайдалану салдарынан туындаған ақау үшін, сондай-ақ бұйымның құрылымында қарастырылмаған модификациялау (яғни құрылғының түрін өзгерту, түрлендіру) әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;

4. Өндіруші төмендегі жағдайларда кепілді міндеттемелерді көтермейді, егер бұйымның бетінде техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында берілген техникалық деректері жойылған, жойылып кетірген немесе түзетілген болса өндірушінің осы салдардың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

5. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

Назар аударыңыз!! Өндіруші тұтынушының (сатып алушының) немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе ұқыпсыз әрекеттерінің және бұйымды орнату/пайдалану шарттары мен ережелерін сақтамау салдарынан адамдарға, үй жануарларға, қоршаған ортаға немесе мүлікке POLARIS бұйымның зақымдалуынан тікелей немесе жанама себеп болатын кез келген ықтимал зиян келтірілгені үшін жауапкершілік көтермейді. POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапасын тексеру, кепілдік және кепілдіктен кейінгі жөндеу жұмыстарына қатысты барлық мәселелері бойынша Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына немесе Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға - Уәкілетті POLARIS дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеу жұмыстарын тек Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталықтары жүзеге асырады.

* Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: www.polaris.ru

Бұйымға кепілдік жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе заңмен қарастырылған басқа да талаптарды орындау кезінде бұйымды сатып алу күнін растау үшін сатып алу құжаттарыңызды сақтауыңызға өтіне сұраймыз.

Мұндай құжаттары толтырылған POLARIS кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, бұйымды сатып алу күні мен орнын растайтын басқа да құжаттар болуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжатты ұсынбаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым өндіріліп шығарылған күннен бастап есептеледі.

Бұйымның өңделіп шығарылған күні бұйымның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген, ол бұйымның артқы қабырғасында орналасқан

